

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Мемлекеттік
университеті**

**Философия және саясаттану факультеті
Мәдениеттану және дінтану кафедрасы**

Тақырыбы

Толеранттылық
тұрақтылықтың негізі

Орындаған: Кантарбаева Ж.У.

Ибрагимқызы С.





- **Толеранттылықты қарым-қатынас феномены арқылы қарастырудан**
- **маңызды қорытынды жасауға болады: толеранттылық қарым-қатынас негізі**
- **болғанмен, өз алдына орны бар құбылыс болып табылады. Тұлғалардың**
- **максималды қауымдасуына бағытталатын қарым-қатынас толеранттылықтың**
- **мақсаты болады. Толеранттылық өзінің ішкі механизмдері арқылы объект**
- **ретіндегі басқаны қарым-қатынастың теңқұқықты субъектісіне айналдыруға**
- **бағытталады. Сонымен бірге толеранттылық қарым-қатынас құрылымында**
- **екі түрлі рөл атқарады: ол эмоциялық бөлігі арқылы қарым-қатынас**
- **үдерісінің ішкі жағын сипаттайды және мінез-құлықтық реакциялары**
- **бойынша тұлғалардың өзара қатынасын объективті бейнелейді. Өзара**

-
- Әлеуметтік толеранттылық әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы
 - зорлық-зомбылықсыз, құрметке негізделген қатынастар ретінде анықталады.
 - Әлеуметтік толеранттылық қоғамдағы үйлесімді қатынастардың кепілі болып
 - табылады. Ол қоғамдағы тепе-теңдікке бағытталады. Әлеуметтік
 - толеранттылық өз құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау үшін біріккен
 - адамдардың құқығын мойындауды білдіреді. Әлеуметтік бағытталған
 - қоғамда тұлғаның толерантты мінез-құлқының, жауапкершілігінің
 - қалыптасуына жағдай жасалады.



Толеранттылық (tolerare) түсінігі римдік авторлар алғаш енгізген

- Толеранттылыққа қарағанда интолеранттылық мәселесі антропологиялық аспектіде қарастырылады. Психоанализ негізін салушы З.
- Фрейд тұлға құрылымында бейсаналық құмарлықтар саласы ретінде Ид-ті
- бөледі. Ид құндылықтарды, мейірім мен өшпенділікті, моральді білмейді.
- Эго сыртқы ортамен байланыс жасайтын психикалық аппараттың бөлігі
- ретінде түсініледі. Супер-эго іс-әрекет пен ойдың цензоры немесе
- бақылаушысы ретінде болады. Эго – моральдық бағдарлардың, мінез-құлық
- нормаларының сақталатын қоры болып табылады. З
-


- Сонымен бірге Орта ғасырдағы христиандықта әлеуметтік және діни толеранттылық «өзіне» құндылық ретінде емес, ізгілік, қайырымдылық емес қақтығысты болдырмаудың құралы ретінде қолданылды. Сонымен «егер сенімсіз адамдар мен еретиктерді жеңе алмасаң, қақтығыстан қаш» деген толеранттылықтың қолданбалы сипаттамасы пайда болды. Толеранттылық туралы ойлардың тарихи дамуына назар салсақ, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үнді, Ежелгі Греция және Рим империясы басқа тайпалардың құдайы мен табынушыларына олардың төзімділікпен қарауында байқалды. Толеранттылық түсінігіне тарихи жақын ұғымдар болып қоғамдық санада таралған. Олардың ақиқаттылығы айдан анық, мысалы, «еркінділік» немесе «плюрализм» ойы, өзінің нормативтік мазмұнының арқасында басынан бастап толеранттылыққа бағытталған, ал толеранттылық, плюрализм сияқты, еркінділік принципі Жаңа уақытқа сәйкес келетін және өзінің әділдік ойларында өзінің заңдық негізі бар.



- **Толеранттылық бұл көпмағыналық ұғым, оның негіздері сонау ерте кезден Гераклит, Антифон, Аристотель, Сенек және т.б. ойшылардың пікірлерінен бастау алған. Толеранттылық түсінігі туралы ең алғашқы ойлар антикалық заманда басқа діндер мен сенімдерді түсіну, қабылдау ретінде пайда болады. Сократ индивидті космостан бөліп алуға ең алғаш талпынады, ол тұлға аралық қатынасты табиғаттан тыс күштердің болжауы ретінде емес, тұлғаның ерік-жігері мен мінезіне байланысты қарастырады. Сократ, алғаш индивидтің әлеуметтік мінез-құлқының феноменін, оның мінез-құлқын анықтайтын мотивтерін түсіндіреді. Платон мектептеріндегі шығармаларда еңбектегі шыдамдылық жақсылық үшін, қайғыдағы шыдамдылық жақсылық үшін деп «төзімділік» түсінігін сипаттайды. Бұл жерде қайғы рушылықты айтып тұрған жоқ, керісінде сабырлық, өзін ұстай білу, рухтың күшін баяндап тұр. Жалпы, Платонның көзқарасы бойынша, толеранттылық – ақыл-ойдың өзін-өзі қорғауы» деген. Қоғамның табысты дамуы үшін төзімділік міндетті екенін айтып өткен.**



- **Индивидте оппозициялық инстинктпен бірге басқаға үйір болу**
- **инстинкті болады. Бұл инстинкт басқаға симпатияның нышаны болумен**
- **негізделеді. Әлеуметтік жағдайлар әсерінен бұл нышандар махаббатқа деген**
- **қажеттілікке айналады. Г. Зиммельдің айтуынша өшпенділік туыстықпен**
- **тығыз байланысты адамдарда әлдеқайда жоғары болады. Себебі туыс**
- **адамдарда өзара айырмашылықтардың көп болмайды. Г. Зиммель**
- **қайшылықтар аса көп болмағанда антогонизм күшті болады деп есептейді.**
- **Неофрейдизм өкілі Э. Фромм агрессияны туа болатын биологиялық**
- **инстинкт емес деп санайды. Агрессия оның ойынша индивидтің**
- **трансценденцияға, өз өмірінің жаңа жағдайларын жасауға, өмірін**
- **шығармашылықпен құруға немесе бұзуға әлеуметтік қажеттілігі болып**
- **табылады. Деструктивтілік Э. Фроммның көзқарасы бойынша адамның мінез**
- **ерекшеліктеріне, адами құмарлықтарына негізделеді. Сонда өшпенділіктің**
- **табиғаты әлеуметтік сипатта болады.**



Өшпенділік үштігіндегі жеркенуге «антипатия» ұғымы синонимдік, «симпатия» ұғымы антоним болады. Симпатия психологиялық қатынастар мен энциклопедияларда адамның басқа адамдарға, топтарға, мемлекеттерге, ұлуттарға, құбылыстарға жылылықпен, кішіпейілдікпен, тазалықпен, бауырластықпен, қарымқатынасқа итермелейтін, назар аударуға, көңекіңізге аударуға түрткі болатын құптаушы тұрақты эмоциялық қатынасы деп анықталады. Симпатия әдетте ортақ көзқарастар, құндылықтар, қызығушылықтар, қызығушылықтар негізінде пайда болады. Кейде симпатия тартымдылықпен, бауырластықпен, мінез сипаттарына таңдамалы онды реакция салдырып, қатынастар қалыптасады.

- Д.В. Зиновьев ашуға қарама-қарсы мағынадағы сөз «мейірім» болады
- деп санайды. Мейірім адамның басқа адамдарға жақсылық жасауға қабілеті
- мен ұмтылысы арқылы көрінетін қасиеті деп аталады. Шынайы мейірім
- тұлғаның басқа адамдардың жағдайын жақсартуға қамқорлықпен ғана емес,
- оның моральдық жетістіктері арқылы көрінеді. Мейірімді көрсетудің құралы
- кішіпейілдік болып табылады. Кішіпейілдік адамның жағдайын жақсартуға,
- жақсылық жасауға бағытталған қатынас болып табылады. Кішіпейіл
- адамның моральдық жетістіктері шартсыз көрінеді. Сонымен бірге
- кішіпейілдік бейбітшіл, достық қатынас; нәтижелі ынтымақтастыққа даярлық
- арқылы анықталады.




- Толеранттылықты қарым-қатынас феномены арқылы қарастырудан
- маңызды қорытынды жасай аламыз. Іс-әрекеттік тұғыр бойынша толерантты-
- интолерантты қатынастар құрылымын мотивациялық-құндылықтық,
- когнитивтік, эмоционалдық-еріктік және конативтік бөліктер кешенімен
- қарастыруға болады. Әлеуметтік-генетикалық, индивидтің жақын
- ортасындағы ықпал және биогенетикалық толеранттылық-интолеранттылық
- факторлары болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- <https://articlekz.com/kk/article/31347>

- <https://stud.kz/referat/show/75419>



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!!!